

Егіндікөл ауданының мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Егіндікөл аудандық мәслихатының 2010 жылғы 22 желтоқсандағы № 4С29-6 шешімі. Ақмола облысы Егіндікөл ауданының Әділет басқармасында 2011 жылы 17 қаңтарда № 1-8-105 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Егіндікөл ауданы мәслихатының 2012 жылғы 30 наурыздағы № 5С2-4 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Егіндікөл ауданы мәслихатының 2012.03.30 № 5С2-4 (ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) қ а у л ы с ы м е н

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет Кодексінің 56 бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6 бабына сәйкес Егіндікөл аудандық мәслихаты

Ш Е Ш І М **Е Т Т І :**

1. Егіндікөл ауданының мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсетілсін:

1) Ұлы Отан Соғысына қатысушылар мен мүгедектеріне және оларға теңестірілген тұлғаларға 10000 теңге әр қайсына; тыл еңбеккерлеріне соғыс жылдардағы ордендер және медальдермен марапатталған 5000 теңге мөлшерінде әр қайсына; қаза тапқан (қайтыс болған) әскери қызметшілердің отбасыларына 5000 теңге мөлшерінде әр қайсына; қайталап некеге тұрмаған, қайтыс болған Ұлы Отан Соғысы мүгедектердің әйелдеріне (күйеулеріне) 5000 теңге мөлшерінде әр қайсына **Жеңіс Күні мемлекеттік мейрамына;**

2) Ұлы Отан Соғысы қатысушыларына және мүгедектеріне, концлагерлердің жасы кәмелетке толмаған бұрынғы тұтқындарына 2,5 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде ай сайын коммуналдық қызметтер шығындарына;

3) «Егіндікөл ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінде жұмыссыз есепте тұрған қайтыс болған азаматтарды жерлеуге 10 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

4) 1,2,3 топтағы мүгедектеріне, 16 жасқа дейінгі мүгедек-балаларға, медициналық мекемелерде емделуге және тексеруіне біржолғы төлем 20000

теңге мөлшерінде әр қайсысына ;

5) туберкулезбен ауыратындарға біржолғы төлем 20000 теңге мөлшерінде әр қайсысына ;

6) аз қамтамасыз етілген, кедейшілік деңгейден төмен тұратын және «Егіндікөл ауданның жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінде есепте тұрған, біржолғы төлем 10000 теңге мөлшерінде әр қайсысына ;

7) аз қамтылған отбасылардың, көп балалы отбасылардың студенттеріне, оқу мекемесінің келісім шарт және оқу орынынан анықтамасы негізінде оқытудың жылдық құндылығы мөлшерінде колледжде оқытуына күндізгі түріндегі төлеу;

8) аз қамтамасыз етілгендеріне 1 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде ұн және нан өнімдеріне бағалардың өсуіне байланысты;

9) «Күміс-Алқа», «Алтын-Алқа» марапатталған көп балалы аналарға бір жолғы төлем 5000 теңге мөлшерінде әр қайсысына азаматтардың өтініштері бойынша ;

10) төтенше апатқа байланысты шұғыл қолдауға мұқтаждарға бір жолғы төлем 35000 теңге мөлшерінде азаматтардың өтініштері бойынша;

2.Егіндікөл аудандық мәслихаттың 2005 жылғы 24 ақпандағы № С16-5 «Жекелеген санаттағы мұқтаж азаматтарға әлеуметтік көмек көрсету Ережелерін бекіту туралы» (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 3111 тіркелген, 2005 жылғы 8 сәуірдегі «Шұғыла-Целинная нива» аудандық газетінде жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешім Егіндікөл ауданының Әділет басқармасында мемлекеттік тіркелген күннен күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

А у д а н д ы қ м ә с л и х а т

сессияның төрағасы

Н.Сизов

Аудандық мәслихаттың хатшысы

Р.Муллаянов

КЕЛІСІЛДІ

Егіндікөл ауданының әкімі

Б.Султанов

«Егіндікөл ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі»

мемлекеттік мекемесінің бастығы

Б.Камиев